

С.Ф. Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Қалимова

1 2006

11624к

СОТ
ЭКСПЕРТОЛОГИЯСЫ



АЛМАТАЫ ЖЕТІ ЖАРҒЫ

С.Ф. Бычкова, Е.С. Бычкова, А.С. Қалимова

СОТ
ЭКСПЕРТОЛОГИЯСЫ

Лекциялар курсы

АЛМАТАС
«ЖЕТИ ЖАРҒЫ»
2006

ББК 65.5

Б 93

*Казақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
бағдарламасы бойынша шыгарылып отыр*

1–10-тараулардың, қосымшаның авторы: заң ғылымдарының докторы *С.Ф.Бычкова*

11–12-тараулардың авторы – заң ғылымдарының кандидаты *Е.С.Бычкова*

13–29-тараулардың авторы – заң ғылымдарының кандидаты, доцент *А.С.Калимова*

Аударған *А. Байдәулетов*

Б 93 **Бычкова С. Ф., Бычкова Е. С., Калимова А. С.**

Сот экспертологиясы. Лекциялар курсы: Оку құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 368 бет.

ISBN 965-11-205-3

Ұсынылып отырган оку құралы Қазак гуманитарлық-зан университетінін «Сот экспертологиясы» бағдарламалық курсына сәйкес дайындалды. Ол сот сараптамасын тағайындау мен жүргізуі үйімдастыру аясына жататын кажетті күқықтық, үйімдастырушылық және ғылыми-әдістемелік сипаттағы мәліметтерден тұрады. Оку құралында казірті заманғы заннаманың және Казақстан Республикасының сот, күқық корғау органдары мен сот сараптамасы органдарының күқық колдану жағдайы ескерілген.

Оку құралы жоғары зан оку орындары мен факультеттерінін окушылары мен оқытушыларына, сондай-ақ практикалық қызметкерлерге арналған.

Б **1203021300-036**
 419(05)-2006 25 – 2006

ББК 65.5

© С.Ф. Бычкова, Е. С. Бычкова,
А.С. Калимова, 2006

© «Жеті жарғы» ЖШС, 2006

© Аударған А.Байдәулетов

ISBN 9965-11-205-3

15

Алғы сөз

Құқықтық мемлекеттің даму жағдайында сот ісін жүргізу міндеттері дәлелдемелер ауқымын кенейту, істерді тергеу мен сот қарауының сапасын көтеру, іс жүргізу дәлелдеуінін жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету үшін аса маңызды рөл атқаратын арнаулы білімдерді тек кеңінен және белсенді пайдалану кезінде ғана шешілуі мүмкін.

Азаматтық істегі арнаулы білім мөнінін өсуі мемлекеттегі болып жаткан он әлеуметтік-экономикалық кайта құрулармен туындаған оның жалпы белсенділігімен себептеледі. Сот ісін жүргізуін обьективтілігін көтеру, шыныайыландыру, азаматтық процестегі жеке және занды тұлғалардың құқыктары мен занды мұddeлерін іске асыру кепілі қебінде оларды арнаулы білім құралдарымен қамтамасыз етуге байланысты болады.

Осы айтылғандар, қылмыстық сот ісін жүргізу аясындағы соттар мен құқық корғау органдарының қызметіне сәйкес, қылмыстардың сапалы түр өзгеруімен, қылмыскерлердің кәсіби деңгейінін өсуімен, олардың қазіргі заманғы ғылыми-техникалық жетістіктерді және оларға барабар қарсы әрекет шарапаларын талап ететін жана үйымдастыруышылық нысандарды қолдануымен, сондай-ак сот талқылауы сатысында өзгеру үрдісі бар айыпталушылардың, жәбірленушілердің, қуәлардың дәлелдемелік ақпарат көзі ретіндегі рөлінін төмендеуімен байланысты болып отыр.

Құқық қолдану практикасына талдау жасауда сот ісін жүргізуде арнаулы білімді пайдалану осы институтта қойылатын қазіргі талаптарға толық қөлемде сай келмейтіндігін айфактайды.

Сот сараптамасының арнаулы білімін пайдаланудын негізгі нысанының басты кемшілігі – оның мүмкіндіктерін азаматтық, әкімшілік, қылмыстық істерді қарау кезіндегі шектеулілігі. Қоғтеген сарапшылық зерттеулердің нәтижелері істін нәтижесіне елеулі әсерін тигізе коймайды.

Соттар мен құқық корғау органдары іс жүргізу заннамасының талаптарын толық қөлемде орындаіды, сараптаманы тағайындаудың негізгі үйымдастыруышылық және әдістемелелік принциптерін,

нәтижелерді бағалау мен пайдалануды бұзу жайлары бар. Сот сараптамасының қазіргі потенциалы біркатарап істер санаттарын қарау кезінде толық қөлемде пайдаланылмайды.

Сот ісін жүргізуде арнаулы білімді колдануда мәні бойынша екінші түрган – іс жүргізу іс-әрекеттерінің сапасын көтеруге арналған мамандың қомегі, ол да тиімді пайдаланылмайды. Оны практикалық іс асыру маманды іске тарту максаты бүрмаланатын, заңнан едәуір ауытқышылықпен жүргізіледі. Маман мен сарапшының функцияларын араластыруға жол беріледі.

Осы айтылғандарға байланысты, сот сараптамаларын дайындау, тағайындау мен олардың нәтижелерін бағалау ауқымында жоғары заң оку орындары мен факультеттердің студенттерін оқытудың тиімділігін көтеру, сондай-ак бүтіндей сот ісін жүргізуде арнаулы білімді пайдалану проблемалары аса өзекті мәселе болып тұр, сондыктан да осы оку куралы өзірленіп отыр.

Оку құралындағы сот сараптамасы мәселелері, негізінде, қылмыстық сот ісін жүргізуге сойкес қарастырылатындығына назар аударамыз. Айтылғандардың бәрі осы аталған аяға сойкес арнаулы білім институтының ен каркынды ләрежеде тарихи дамуымен, сондай-ак Қазақстан Республикасы іс жүргізу заңнамасындағы арнаулы білімді пайдалануды реттемелейтін нормаларды едәуір біріздендірумен себептеген. Азаматтық және әкімшілік процестері арнаулы білімді пайдаланудың айырықша мәселелері жеке тақырып деңгейінде баяндалған.

Оку құралы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің «Сот экспертологиясы» курсының бағдарламасына сәйкес жазылған. Оның құрылымы «Жалпы ережелер» және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы органдары жүргізетін сот сараптамалары түрлерін тағайындау» деген екі болімнен тұрады.

Бірінші бөлімде Қазақстан Республикасы сот ісін жүргізудегі сот сараптамасын тағайындау, жүргізу мен сарапшылық зерттеу нәтижелерін бағалау мәселелері бойынша құқықтық және үйимдастыруыштық сипаттағы барлық кажетті мәліметтер көлтірілген. Екінші бөлімге материалдар дайындау мен сот сараптамасының нақты түрлерін тағайындау жөніндегі ғылыми-әдістемелік сипаттағы қысқаша ақпарат кірген.

Оку құралы Қазақ гуманитарлық-заң университетінде он жыл інінде оқылған лекциялар курсы негізінде жасалып және осылайша оку процесінде корытылып макулдаудан өткен. Оған Қазақстан Республикасындағы сот-сараптама қызметінің құқықтық, үйимдастыруыштық және әдістемелік негіздері туралы толық ақпарат кіреді және 2005 жылдың 1 мамырына дейінгі Республиканың сот ісін жүргізудегі заңнама ахуалы мен арнаулы білімді пайдалану практикасын ескереді.

1-т а р а у.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТ САРАПТАМАЛАРЫН ТАҒАЙЫНДАУ МЕН ЖҮРГІЗУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1-такырып. АРНАУЛЫ БІЛІМ

1. Арнаулы білім түсінігі. Арнаулы ғылыми білім

Сот ісін жүргізудегі арнаулы білімді тиімді пайдалану осы аталған түсініктін мазмұнын дұрыс және біржакты түсінуге көп байланысты.

Практикалық зан ғылымы саласы ретіндегі қылмыстық процесс іс жүргізу нормалары мен құқықтық институттар жүйесінен тұратын әмбебап құқықтық база болып табылады, олардың келісімді қызмет етуі кезінде құбылыстан қандай да бір құқыққа қарсы әрекет мәнін танып-білудің ретроспективтік жолы қамтамасыз етіледі.

Сонымен бірге, қылмыстық істер бойынша шындықка жету адам қызметінің әр түрлі зәни емес аясынан білім алусыз кол жетпейтіндігі анық. Сонымен, қылмыстық процестің басты танымдық міндеті әр түрлі заттық-танымдық және рухани қызмет нәтижесінде адамның қазіргі уақытта менгерген, заңмен рұқсат етілген әдістер, құралдар мен білімді тек кеңінен және белсенді түрде пайдалану кезінде ғана шешілуі мүмкін. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде арнаулы білімді пайдалану реттемеленген. Қылмыстық істерді ашу, тергеу және сот карауы кезінде құқықтық нормаларды пайдалануды белгілейтін олардың жиынтығы ғылыми негізделген жүйе мен ажыратылмайтын іс жүргізу институты болып табылады. Дербес гносеологиялық санат ретінде арнаулы білім танымдық теорияда жок, соңғы уақытқа дейін олардың қылмыстық іс жүргізу занындағы анықтамасы да айқындалмай келді.

Сонымен қатар, қылмыстық процесс теориясында «арнаулы білім» үғымымен бірге, «арнаулы таным» деген үғым да бар екендігіне назар аударуымыз керек. Философиялық түсінікте «таным» санадағы объективті шындықты көрсету мен қайта елестету процесі, тәжірибе жинау, дағды-білікті менгеру мен игеру

екендігін, ал «білім» – ол тәжірибе мен білік-дағыларға негіз-делген қоғамдық-еңбек және ойлау қызметінің өнімі екендігін ескере отырып, заң шығарушы өте дәл ұфым ретінде бірінші ұфымға тоқталды.

Зан әдебиеттерінде сот ісін жүргізуде пайдаланылатын арнаулы білімнің мәнін анықтауға, олардың мазмұны мен оларға ие болатын субъектілерді неше мәрте анықтауға талап қылышы, алайда осы сұраптарды шешудің бірыңғай жолы болмай отыр. Осы мән-жайлар арнаулы білімнің мазмұнын ашу қажеттілігін, олардың қолдану субъектілерін, сондай-ақ пайдалану нысандарын анықтауды белгілейді.

Арнаулы білімнің табиғатына жасалған көптеген көзқарастарды талдау жасағанда, біздің ойымызша, олардың негізгі сипаттамасын ең дәл көрсететін бірқатар ережелерді бөліп алуың мүмкіндігі болды.

А.А. Эйсман арнаулы білімнің мазмұндық жақтарын зерттей отырып, оларға зәни емес және жалпыға мәлім емес, жалпының бірдей қолы жетпейтін білімдер, яғни шектеулі ғана мамандардың [1] ауқымы менгерген білімдер жататындығын нақтылайды. Дәл осындай көзқарасты В.И. Шиканов та ұстанады [2].

Сонымен бірге, жалпыға мәлім білімнің ұфымын, сондай-ақ арнаулы және зәни білімдердің арақатынасын анықтауды талап етеді.

Жалпыға мәлім білім жалпыға бірдей білім беру нәтижесінде адамдардың алатын өдettегі әлеуметтік тәжірибесі мен ғылыми білімнің казіргі деңгейіне сәйкес келетін сенімді білімнің жиынтығы дегенді білдіреді. Ал кәсіптің, мамандықтың ерекшелігі ол ғылыми деректерге және практикалық шеберлікке, адам қызметінің белгілі біржакты мамандық бағытындағы тәжірибеге сүйенеді.

Білімді құқық саласынан арнаулы білімге жатқызу мәселесі қылмыстық процесс ғылымында талас пікір болып келеді.

Зан білімі көлемі шегінде қылмыстық сот ісін жүргізуде жауапты адамдардың білімдерін, іс-әрекеттерді жіктеу мен іс жүргізу нормаларын орындау бойынша өкілеттікке, қылмыстарды тергеу әдістемесі мен іс жүргізу іс-әрекеттерін жүргізу тактикасын іске асыруға катыстысын бөліп көрсету керек. Атальған тізбе кәсіби міндетті білімдер мамандығын анықтауға сүйенетін анықтауды жүргізуші адамның, тергеушінің, проку-

пор мен судьяның жалпы біліктілік сипаттамасы болып табылады. Қылмыстық іс бойынша дәлелдеудің субъектілері пайдаланатын осы білімдер шенберінен тыс барлық білімдер, соның ішінде заң білімі, арнаулы білімге жатқызылады.

Е.Р. Россинская атап көрсеткендей, ғылымның дамуымен ілесе жүретін ғылыми білімді дифференциациялау процестері заң ғылымдарын да шет қалдырмады. Осы күрделі жағдайларда, әрбір құқық саласындағы практикамен айналысатын зангерлер үшін жалпыға мәлім, оларға ен жиі кездесетін білімдер мен арнаулы білімдер ауқымын шартты түрде бөліп алуға болады. Сонымен бірге, қазіргі заннамалардың егжей-тегжейін білу көп жағдайларда іс бойынша [3] шындықты толығымен, объективті және жан-жақты анықтау үшін қажет. Сонымен, автор арнаулы білім қатарына заң білімдерінің белгілі бір бөліктерін де жатқызады.

Сондай-ак, А.А. Эксархопуло «ең алдымен, стереотиптер қатарына, құқық саласында арнаулы деген таным болып табылмайды деген көзқарасты жатқызу керек...» деп есептейді. Накты тергеушіні, анықтау органдың қызметкерін, прокурорды, судьяны бүгінгі күндегі құқықтың салалары мен сала тармақтарындағы жалпы мәлім бүкіл сұраптар бойынша толықтай құзыретті болу міндетін телу, ал оны білу қылмыстық істерді тергеу мен қарау барысында қажет болуы мүмкін, тергеушіні, судьяны өте киын, тіптен ешбір шарасыз жағдайға әкеліп соктырады дегенді білдіреді, онда «олар құқықты білуге міндетті», бірақ білікті және жауапты шешімдер қабылдау талап етілетін ауқымда бүл білімдерді шынайы игеруге мүмкіндік болмайды» [4].

Г.М. Нагорный арнаулы білімнің арнайы дайындық және қызметпен байланысына назар аударады. Ол зерттеліп жатқан ұғымға мынадай анықтама беруді ұсынады: «Арнаулы білім – бүл ғылыми және инженерлік-техникалық мамандықтардың негізін құрайтын ғылым мен техника ауқымынан алынған білімдер, сондай-ак қандай да бір қызмет түрлерімен шүғылдануға қажетті басқа да кез келген білімдер. Қылмыстық сот ісін жүргізуде арнаулы білімдер дәлелдемелерді табу, бекіту, алу, бағалау және зерттеу үшін пайдаланылады. Дәлелдемелерді табу, бекіту, алу, бағалау және зерттеуге қатысты арнаулы заң ғылымдары саласындағы білімдерді қоспағанда, арнаулы білімге заң білімдері жатпайды» [5]. Осы анықтама (дефиниция) ғылым мен қылмыстық процесс практикасында іс жүргізу іс-әрекеттеріне

қатысушылар аныктау мен алдын ала тергеу органдары техникалық-криминалистік бөлімшелер қызметкерлері мамандары болып, яғни арнаулы білімді жеткізушилер болып танылатындығы жөніндегі ережеге толығымен сай келеді.

Сондай-ақ «кәсіби білімдер, мысалы, филателиядағы секілді, арнаулы білімнің әрдайым елеулі белгілері болып табылмайды» дегенге назар аударып отырған Б. М. Бишмановпен де келісуге болады [6].

Қылмыстарды тергеу кезінде арнаулы білімнің колданылуының максаттық бағытын аныктауға мүмкіндік беретін олардың анықтамасын Г. И. Грамович ұсынды. Ол «қылмыстық іс жүргізу мәнінде арнаулы дегеніміз қылмыстық әрекет туралы дәлелдемелік бағдарлық акпарат жинау максатында пайдаланылатын, сондай-ақ техникалық құралдар мен дәлелдемелермен жұмыс тәсілдерін әзірлеуге және іс үшін мәні бар елеулі мән-жайларды аныктауға көмегін тигізетін максаттық кәсіби дайындық пен жұмыс тәжірибесі нәтижесінде алынып, бір жүйеге келтірілген гылыми білімдер, адам қызметінің белгілі бір аумағындағы (материалдық және іс жүргізу құқық саласындағы білімді есептемегендеге) білік-дағдылары болады» деп атап көрсетеді [7].

Арнаулы білімнің практикалық және функционалды әрекшелігі В.К. Лисиченко мен В.В. Циркальдің анықтамаларында көрсетілген: «арнаулы білім – ол іс жағдаяттарын аныктауда не сұраптарды шешуде оларды колдану кажет етілетін сұраптар бойынша корытынды беруде тергеушіге немесе сотқа жәрдем көрсету максатында маман немесе сарапшы ретінде тартылған адамның кәсіби окуда, не болмаса, белгілі бір мамандық бойынша жұмыс нәтижесінде менгерген сот ісін жүргізу degi жалпы белгілі емес гылыми, техникалық және практикалық білімдер»[8].

Отандық авторлар А.А. Исаев пен К.Н. Шакиров және баскалары да қылмыстық процесс аясындағы зерттеу контекстінде арнаулы білім анықтамасына талдауды жүзеге асырды. Негізінде, К.Н. Шакиров «арнаулы білім» деген жалпы ұғымды ғана беріп қоймай, онын сот ісін жүргізу degi функционалдық, практикалық мәнін оның нақты жеткізгіштерін дифференциялау арқылы аныктау пайдалы болар еді» [9] деп көрсетеді.

А.А. Исаев арнаулы білімнің колданып жүрген анықтамаларын жинактап корыту негізінде олардың мынадай сипаттамасын бөліп көрсетеді:

- жалпыға мәлім білім мен құқық саласындағы білімдерді санамағанда, арнаулы білімдер кез келген білімдердің жиынтығын білдіреді;
- арнаулы білімдер бір немесе өзге мамандықтардың кәсіби білімдері болып табылады;
- арнаулы білімдер ситуациялық сипатта болады, ойткені оларды мұндай разрядка жатқызу іс жүргізу шешімін қабылдауға байланысты;
- арнаулы білімдер ғылыми білім болып табылады;
- арнаулы білімдер «аналық» ғылымдар базасында синтезделген білімдердің кешені болып табылады [10].

Арнаулы білімдерді арнаулы еместерден шектеу белгілі бір қындықтармен себептеледі. Адамның үлкен танымдық мүмкіндіктері мен кабілеттері, жалпыға білім беру дайындықтарын терендетуі, ғылыми-техникалық прогрестегі жетістіктері оның жалпыға мәлім білімінің ауқымы ұдайы әрі тез кенейіп кететіндігі даусыз, соның салдарынан кейбір арнаулы білімдер жалпыға мәлім разрядына өтеді.

Әдебиетте арнаулы және ғылыми білімдерді тенденстіру туралы түсінік көрініс тапты. Бұл пайымдау сарапшының қызметіне қатысты болігінде ғана дұрыс болады. Шынында да, сараптаманы жүргізу үшін арнаулы ғылыми деректердің болуы міндетті талаптар болып табылады. Алайда, дәл осындай пайымдау өзге субъектілерге қатысты арнаулы білімді пайдалану үшін даулы мәселе. Біз қылмыстық сот ісін жүргізудің міндеттерін орындау үшін арнаулы білімдер казіргі ғылым мен техниканың талаптарына сай болу керектігіне келісеміз, бірақ осындай ретінде тек ғылыми білімдер болатындығын білдірмейді. Қылмыстық істерді тергеу барысында тергеуші мен соттың қандай да бір жалпыға мәлім емес білімді кәсіби менгерген кез келген адамды дәлелдемелер жинау мен тексеруде қөмекке алу қажеттілігі пайда болуы мүмкін.

Арнаулы білімдердің маңызы мен мазмұны туралы негізгі көзқарастарға жүргізілген жоғарыдағы талдау КІЖК 7-бабынын 41) тармағы жалпы түрде адам кәсіби оқудың не белгілі бір мамандық бойынша жұмыс істеудің нәтижесінде алған, қылмыстық сот ісін жүргізу міндеттерін шешу үшін пайдаланылатын **арнаулы білімді қылмыстық сот ісін жүргізу**дегі жалпыға мәлім емес білім ретінде анықтауға мүмкіндік берді.

«Арнаулы білім» үғымымен катар, Казакстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу занына алғашкы рет «арнаулы

ғылыми білім» деген ұғым енгізілді, ал бұл арнаулы білімдерді пайдаланудың ен білікті нысаны ретіндегі сот сараптамасының жақетті атрибуты болып табылатын арнаулы білімдерді дифференциялау, арнаулы білімдердің жоғарғы деңгейін бөліп шығару мақсатын алдына койды.

Занның «арнаулы ғылыми білім» ұғымына түсінік бермейтіндігіне қарамастан, **арнаулы ғылыми білімді** барлық арнаулы білімдер қолемі ішінен бөліп алуға болатын негіздерді, біздің ойымызша, белгілі іс жүргізу什і М.С. Строгович анық және толық айтып берді: «сараптаманың негізінде ғылыми білімнің белгілі бір саласы, сарапшының корытындысы — ғылым деректеріне негізделген дәлелдеме жатыр. Сараптама істі тергеу және карау кезінде «ғылым, техника, өнер мен колөнерде» арнаулы білім кажет жағдайларда тағайындалады» деген нұсқау ..., біздің пікірімізше, техника, өнер мен колөнер ғылымға қарсы койылады және ғылым деректеріне негізделмеген сараптамаға рұқсат беріледі деп пайымдаудың керегі жок. Техника, өнер мен колөнердің әр түрлі мәселелерінің өздері ғылыми зерттеудің объектілері болады, сондықтан да техника, өнер және қолөнер мәселелеріне қатысты болса да, кез келген сараптама ғылым деректеріне негізделу керек... . Сарапшы өзінің тұжырымдарында ғылымның құбылыстарды зерттеудің зандылықтарын көрсететін шынайы ғылым ережелерін, ғылымның жетістіктерін пайдаланады»[11].

Сондай-ак А.В. Дулов, сараптаманың ерекшелігі «сарапшы пайдаланатын ережелердің қатан ғылыми сипатты» болып табылады деп есептейді: «көп жағдайларда кәсіби тәжірибе мен білік-дағды сот сараптамасын жүргізуге кажет құбылыстардың себептері мен өзара байланысы туралы білімді бере бермейді» деп түсіндіреді [12].

Арнаулы ғылыми білімдер сараптамадан басқа, өзге де нысандарда пайдаланылуы мүмкін, алайда, сот сараптамасын жүргізу үшін оларды пайдалану міндетті талап болып табылады.

2. Қылмыстық сот ісін жүргізудені арнаулы білім эволюциясы – практикалық, теориялық және құқықтық аспектілері

Кез келген құбылыстың, оқиғаның, процестің мәнін ұфу, сондай-ак оның қазіргі ахуалын түсіну, үрдістерін анықтау, да-мудын келешегін көру үшін зерттелетін проблеманың тарихын оқып-зерттеудің маңызы зор.

Қылмыстық процестегі арнаулы білім институтының туып-өсүі мен дамуына фундаменталді талдау А.В. Дулов пен И.Ф. Крыловтың [13, 14, 15] енбектерінде баяндалған. Сараптаманың мәні мен тарихының жекелеген аспектілері XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы белгілі орыс зангерлері К.К. Арсенев, Я.И. Баршев, Е.Ф. Буринский, С.И. Викторский, Л.Е. Владимиров, С. Годлевский, М.М. Гродзинский, Д.А. Дриль, М.В. Духовский, С. Ерофеев, А.С. Жиряев, П.И. Люблинский, Н.Н. Розин, В.А. Рожановский, В.К. Случевский, В.Д. Спасович, Б.Д. Сперанский, Д.Г. Тальберг, И.Я. Фойницкий, М.А. Чельцов-Бебутов және басқалардың енбектерінде берілген.

Арнаулы білімдерді пайдалану – ғылыми-практикалық қызмет, қылмыстық іс жүргізу ғылымының элементі және қылмыстық іс жүргізу құқығы институты ретіндегі үш бағытта дамығандықтан, оларды қысқаша әрбір аталған аспектілер ішінде қарастырайык.

Құқық ескерткіштері мен заң әдебиеттерін օқып-зерттеу нәтижелері бұрында арнаулы білімдерді пайдалану қажеттілігі зорлықпен кісі өлтіру туралы, мұлік туралы даулар мен әр түрлі құжаттардың түпнұсқалығы туралы істерді қарауда туды деп есептеуге негіз береді. Мысалы, Ежелгі Римде жалған жасау туралы істерді қарау кезінде сарапшылар ретінде сотта жазбалар жөнінде сөйлейтін мамандардың ерекше алқасы болған. Сыма Цяньнің (Ежелгі Қытай, б.д.д 221 ж.) «Тарихи жазбаларында» император Цинь Шихуанның шығарған қылмыстарды тергеу жөніндегі басшылығы айтылады, онда өзін-өзі өлтірушілерді тергейтін адамдардың сот-медицинадық танымдарының жоғарғы денгейі қарастырылады. Сонымен катар, адамды тенденстіру мақсатында саусақ таңбалары Қытайда сонау Тан династиясы кезінде-ақ қолданылғандығы белгілі, ал Сун династиясы кезеңінде (900–1278 жж.) олар тіптен қылмыстық процестерде қолданылған. 1247 жылы жазылған атақты «Сиоань-лу» қытай сот медицина ескерткіші кеңінен танымал. Сондыктан да, И.Ф. Крылов пайымдағандай, сот сараптамасының туып-шиққан жері дәл Қытай болып табылады.

Ресейдегі ен алғашкы сараптамалардың бірі XVI ғасырдың басында тарихи мұрағаттық актілерде «құпия тасталған хаттар» деп аталатынды жазды деп сезіктелген адамдардың жазуларын салыстыру фактісі және уделдік князь Андрей Старицкий өтірік ауырды деп сезіктенген дәрігер Феофильдің куәландыру жағдайы көрсетілген.

Сонымен бірге, ежелгі құқық ескерткіштері, атап айтсак, «Русская правда», қылмысты тергеу кезінде әр түрлі «атауларды» (ұрып-сөғү іздері) анықтауды талап еткен, мұнда «сарапшы» рөлін ол кезде тексеру жүргізу арқылы судья орындаған. Кейінде бұл міндеттер бірте-бірте болініп, дъяктар, подъяктар, ләрігерлер, қолөнершілер және арнаулы білімдерді менгерген басқа да «хабардар» және «шеттегі адамдар» шақыртыла басталды. Іс жүргізу тараپынан хабардар адамдардың пікірлері мен корытындылары олардан жауап алу нәтижесінде алынған айғактар ретінде ресімделген. Сол кезеңдегі ғылыми білімнің деңгейі тартылатын адамларға койылатын сұрақтар әлі де болса анық жеткілікті бола алмады, сондыктан да судьялар, негізінде, тек зерттеудің басты мақсатын белгіледі. Хабардар адамдар зерттеудің негізгі әдісі ретінде, көбінде, құжаттың немесе куәландырылатын адамның сыртқы түрін карауды және салыстырмалы талдау жасауды колланды. Алайда, 1644 жылы Ресей медицинасы тарихы құжаттарында «доктураалар» олген адамнан оқты табу мақсатында оны тексеру кезінде оқ тиғен «жараны үстап көрген», яғни сарапшылар алдында түрған міндетті экспериментті әдіспен шешүге тырысқан факт белгіленген. Екінші бір жағдайда, зорлықпен олген адамның себебін анықтау үшін мәйітке медициналық ашу жүргізген.

Санамаланған фактілер сарапшылық зерттеулердің казіргі әдістемесін әзірлеудің басы деп есептелуі мүмкін. XVII ғасырда бұрынғыдан ерекшеленетін өзгеше сараптаманың іс жүргізу (салттық) негізін сингізу жөніндегі тарихи растаулар бар, онда сарапшының пікірі жазбаша қорытынды (скаска) түрінде баяндалған.

Сот практикасының өсіп келе жатқан қажеттіліктері, формалды дәлелдемелер теориясынан бас тарту, қылмыстық процестің жана түріне жарысымпаздық элементтерді, ішкі сенім принциптерін енгізу дәлелдемелерді табу, жинау мен зерттеудің, сарапшылық әдістер мен ғылыми-техникалық жетістіктердің ең сенімді құралдарын қолдануға әкелді.

Сараптамалардың қоғатеген қазіргі түрлерінің негізі XVI–XVII, әсіресе XVIII–XIX ғасырларда салынды, оған табиғи және техникалық ғылымдардың едәуір жетістіктері ықпалын тигізді.

Криминалистік, сот-медициналық, сот-химиялық, сот-психиатриялық, сот-бухгалтерлік және дактилоскопиялық сараптамалардың, сот фотографиясының туып-өсіп, дамуында ғылым

мен практиканың әр түрлі саласындағы белгілі ғалымдар – М.В. Ломоносов, Ю.Ф. Фришше, В.М. Бехтерев, Е.Ф. Буринский, А.М. Бутлеров, Д.И. Менделеев, Н.И. Пирогов, С.П. Боткин және басқалары жетекші рол аткарды.

Сол уақыттағы сараптаманы тағайындаған органдар әр кезде сұраптарды дұрыс коя білмеді, соған байланысты сарапшылар өз ғылыминың мүмкіншіліктерін ескере, заттай дәлелдемелерге зерттеу жүргізе отырып, кейде олардың шегінен асып кетіп отырды. Қылмыстық істі дұрыс шешуде шешуші рол аткарған, маңызды ескерту-алдын алу мәні бар және казіргі уақытта да сарапшылық қызмет үшін өзектілігін жоғалта койманған сарапшылық бастаманың үлгілерін Е.Ф. Буринский мен Д.И. Менделеев көрсетті.

Сараптаманың іс жүргізу табигатына теориялық қозқарастын отандық жүйесінің қалыптасуы XIX ғасырдың бірінші жартысына жатады. Практикалық сот-сараптама қызметінен теориялық ойлап-танудың ұзак артта қалуы XIX ғасырдың ортасына дейін ресей қылмыстық процесінде формалды дәлелдемелер теориясы үстемдік еткендігімен түсіндіріледі, бұдан когамдық-саяси катынастағы алдыңғы қатарлы Еуропа елдері біршама ертерек кете бастады. Іздестіру процесіндегі сот тергеуінің негізгі құші осы теориядан құралған, «жетілген» дәлелдемелерді алуға бағытталған, олардың ішіндегі ең бастысы мен дұрысы айыпталушының мойындауы деп есептелінген. Ол үшін коптеген тәсілдер, ант беру, зорлап кинау көзделген.

Соңғысы ең тиімді болып табылғандыктан, В.Д. Спасовичтің образды айтуынша, жиі колданылатын тәсіл, «ерекше сараптама» болған, онда сарапшының рөлін «жендет» аткарған [16]. Ис бойынша «шындықты» анықтаудың мұндай тәсілдері сот әділдігі міндеттерін шешу үшін накты сарапшылық білімдерді енгізу мен дамытуды ешбір қажет етпеді. Сонымен катар, сол кезеңдегі ғылымның жалпы ахуалы мен деңгейін де ескермесе болмайды. Орыс қылмыстық процесіндегі арнаулы білім институтын іске асыру «сарапшылар» деп аталатын «хабарлар адамдарды» тергеуге тартумен көрінді. Ежелгі құжаттама көздерінде көрсетілгендей, бастапқыда сарапшылардың рөлін дұяктар, подъячилер, емшілер, колөнершилер мен тергеу барысында сұраптары туындаған қандай да бір қызмет аясында білімдері, дағды-біліктірі бар басқа да адамдар аткарған. Кейін олардың қатысуы іс жүргізу түрінде реттелген кезде, мұндай адамлардың арнаулы білімдерді пайдалануын міндеттейтін негіздер де көрсетілген.

Көп жағдайларда хабардар адамдардың іс-әрекет мазмұнын казіргі түсінікте сараптама деп, ал нәтижелерін дәлелдемелік мәні бар тұжырымдау білім деп атайды қиын шығар. Дегенмен де, қылмыстық процеске жоғары деңгейдегі арнаулы, кәсіби білімдерді менгерген білікті адамдарды тарту үрдісі бар скендігінде шұбә жок.

Бүтіндей алғанда, қылмыстық процесте сарапшылар ретінде хабардар адамдардың қатысуы мазмұны, нысаны мен нәтижелері бойынша бір мәнді болды, соның салдарынан сараптаманың іс жүргізу табиғаты, ролі мен міндеттері теорияда әрқалай белгіленді. Біздің ойымызша, бұған тергеу барысында арнаулы білімдерді пайдалану бойынша заннамада нормаларға әр қалай түсініктеме беру, іске қатысу кезінде хабардар адамдардың әр түрлі әрекет сипаты және әр түрлі зерттеу деңгейлері, сондай-ақ іс үшін олардың тұжырымдары немесе пікірлерін бірдей түсініктеме бермеу мен дәлелдемелік маңызын бағаламау себеп болды.

Д.Г. Тальбергтің пікірінше, «Хабардар адамдардың қызметі сараптама жүргізуден, оның көп болігі белгілі заттарды зерттеу мен жүргізілген зерттеулер немесе сот өндірісі деректері негізінде корытындылар немесе пікірлерден тұрады; барлық уақытта сараптаманың осы бөліктері бір адаммен бітпейді, яғни, мысалы, зерттеуді бір адам жүргізуі мүмкін, ал корытындыны басқа адам, содан соң – көбінде сарапшыдан бір ғана зерттеу және одан болған есеп талап етіледі, мысалы, сыртқы тексеру жағдайларында, у деп танылған құрамның қасиетін анықтау, есеп-шоттарды тексеру және с.с. Негізінде, сарапшының міндеті – арнаулы мәліметтерді қажет ететін сұрақтарды шешуде оларды сот әділдігіне түсіндіріп, көмек көрсету; атап айтқанда, хабарлар адамдар соттың шақыруымен келуі керек, барлық берілген сұрақтарға өздерінің мамандықтарына байланысты жауап беруге және сараптаманы жүргізу кезінде сот басшылығына бағынуға міндетті» [17].

Бірқатар авторлар, сонын ішінде Я.И.Баршев сараптаманы тексеріп-қарастыру түріне жатқызған [18].

В.Д. Спасович сотта сараптаманың мәнін силлогизм жолымен арнайы сұрақты шешу ретінде қарастырған, ол сондай-ақ ғылымның тәжірибе ережесі деп атаған бірінші не үлкен алғышартты сарапшылар өз білімдері ауқымынан береді, ал екінші не кіші алғышартты сот пен сарапшылар белгілейтін қарасты-

рылатын істің нақты мән-жайлары құрайды. В.Д. Спасовичтің пікірінше, осы тәжірибе ережелері мен фактілерді салыстыру сараптама болып табылады, онын негізінде сот даулы немесе анық емес мән-жайлар туралы өзіндік тұжырым шығара алады: «Қорытындыны шығару сottын ерекше ісі» [16]. Біздің ойымызша, сараптама затын осылайша карастыру кезінде, ол тек формалды логика ережелерін сактау ғана болып, ондағы сараптаманың басты элементі – зерттеу істен шығарылады.

1864 жылдан кейінгі тараған көзқарасқа сәйкес, сарапшы «істің арнайы жағының ғылыми судьясы» болып табылады. Осындай көзқарастың белсенді жақтасы Л.Е. Владимиров [19] сарапшыларды ғылыми судьялар мен аныктамалық қуәларға бөлді. Ол: «Өз қорытындыларын қандай да бір ғылымға негіздейтін сарапшылар, істе арнайы сұраптакты шешу болып табылатын ғылыми судья мәні. Бұл үкім дәлелдеме ретінде қабылданады. Бірак ол судьялар мен алқабилер сарапшының корытындысының дүрыстығына сенім білдірген соң дәлелдеме болып тұрған жоқ, қайта оның сұраптакты түбегейлі шешу үшін барлық деректері бар мамандардан шығып отырғандығы. Судьялар мен алқабилер бір сот отырысы ішінде ғылымның құпияларын біле бермейді; олар сараптамаға сынни тұрде қарай алмайды, оның негізін түсіну үшін бірқатар жылдар бойы ғылыммен шүгылдану қажет етіледі. Сот сарапшыларды тандауда ерікті. Алайда, соңғылар тандалған сон, судья олардың жетегіне сокыр адамдай ере береді» дейді. Қосымша ол тағы: «... сарапшылар арнаулы шенбер ішінен шыға алмайды: өз үкімін шығаратын материал тек соларға түсінкті болмақ. Сондықтан да, олардың үкімі – ғылыми үкім» деп тұжырымдайды.

Сараптама – ол ғылыми үкім деген көзқарасты медициналық орта қызу колдады. Шынында да, сараптамаға бұлайша қараша дұрыс деп танылмайды; оны жүйелі жүргізу дәлелдемелерді бағалау кезінде судьяның ішкі сенімін шектеуге әкеп соғар еді, бірақ бұған қарамастан, Л.Е. Владимировтың сінірген еңбегі арнаулы білім субъектілерін олардың жүргізетін іс-әрекеттері бойынша өзара шектеудегі және осы негізде олардың іс жүргізу құзыреті мен қызмет нәтижелерін дәлелдемелік мәнін анықтаудағы табысты әрекеті болып табылады.

Л.Е. Владимиров хабардар адамдарды екі разрядқа: ғылыми және ғылыми емес сарапшылар деп бөлген. Оның жіктеуі бойынша соңғылары өз «қолөнер мен кәсіп» шенберінің қандай

да бір практикалық қызметіндегі арнаулы танымдары мен тәжірибелігі негізінде тергеуші мен сотка аныктамалық материал береді; «ғылыми емес сарапшылардың» қызметі зерттеу болып табылмайды. Хабардар адамдардың бұл санатына автор «мән-жайды түсінілруші тілмаштар секілді» деген аныктама берген. Истің мән-жайларының түсініксіз жағын алқабилердің түсінетін тіліне аударады. Автор «аныктамалық қуәлар» көмегінің нәтижелерін өзіндік дәлелдемелер ретінде қабылдады.

Л.Е. Владимиров «бірқатар аукымды және арнаулы ғылымдардан алатын» білімдер негізінде зерттеу жүргізетін, кейінде сот койған сұралтар бойынша қорытынды беретін хабардар адамдарды «ғылыми сарапшылар» ретінде таныды. Автордың пікірінше, олардың тұжырымдары дәлелдемелік болып табылады.

Жоғарыда баяндалған Л.Е. Владимировтың ұсыныстары қылмыстық процестегі арнаулы білімдерді пайдаланудың нысандарын теориялық шектеудің басы және бүтінгі құндері аякталған сараптаманы заннамалық түрде реттеу мен маманның қатысуы болып табылады. Және ол қазіргі уақытта өзектілігін жогалтпаған сарапшылық бастама, сарапшының қорытындысын бағалау, сараптаманың біржактылығына қарсы әрекет жасау үшін айыпталушы тарапынан алдын ала тергеуге сарапшыны жіберу арқылы жарысымпаздық принципін іске асыру туралы пайымдауды да айтқан болатын.

Іс жүргізу институты ретінде арнаулы білімнің мәнін түсінуде, сараптама ұғымын шектеуде және қазіргі түсінікке жақын маманның қатысуына, сарапшылық практиканың өзекті мәселелеріне едәуір үлесті И.Я. Фойницкий қосты. Негізінде, сол кездегі дәстүрлі ұғынуға сай сараптама табиғатын анықтауда, ол оны хабардар адамдардың қатысуымен сот органдары жүргізетін күрделі тексеруге жатқызады [20]. Автор хабардар адамдар ретінде ғылымда, өнерде, колөнер не білімнің өзге саласында арнаулы мәліметтерді менгерген адамдар деп түсінеді. Хабардар адам бар болған кезде оны сараптама деп атауға болалы деп автор ен бір басты белгілерді бөліп көрсетеді: «Дегенмен де, сараптаманың елеулі болігі қорытынды немесе пікір» болалы; өйткені, қандай да бір адам, тіптен ол арнайы танымдарды менгерген болса да, ол тек оны соттың өзі көрнекі танымдық түрде тек белгілі бір заттарды қайта жанғырту үшін сотка ша-

кыртылса, онда ондай адамдарды сарапшылар күрметтей алмайды; дәл осындаи секілді, мысалы, сұлбаны не жоспарды лайындау үшін шакыртылатын сұлбашы, модельді не із пішінін даійнлаушы механик, фотограф – пейзажды не портретті түсіру үшін және с.с.

Зерттелестін мәселелер бойынша казіргі көзкарастарға си жақыны, сарапшының корытындысын өз бетінше дәлелдеме ретінде таныған В.К. Случевский болды. Сонымен бірге, ол сот сараптамасы мен сарапшылық практика туралы казіргі ғылым үшін принципті сипатты мен өзекті мәні бар идеяларды корытылған түрде тұжырымдады: «Судьяның сарапшы корытындысының құндылығын аныктайтын басты белгілері, ол сарапшы тұжырымдары дәлелденген, оның корытынды негізі ретінде алған фактілері накты шындыққа сәйкес, осы фактілерден шығарылатын корытынды дұрыс, ал сарапшының өзі шынайы күәнін қасиеттеріне ие болуы керек және де сарапшының тұжырымдары құрылған ғылыми деректер болжам санатына жатпай, нык орнықкан ғылыми срежелерге жатуы керек». Осы ойларды дамыта отырып, автор: «... Біз сарапшылар себептерінің баяндаду тәсілінің түпкі максаты сараптамаға жинақталып, ариналуы сұраптарды шешуде сотка көмегін тигізу керек деп есептейміз. Сондыктан да, олар корытындының ғылыми құндылығын толыктай анықтау тиіс, сонымен бірге маман емес – судьялардың түсінуіне ынғайлы баяндалуы керек. Тек осы талаптар канаттандырылған кезде, олардың корытындыларына судьялардың көзкарасы дұрыс қалыптасуы мүмкін» деп жазды [21].

Қылмыстық процесс ғылымының Кенес кезеңінде ламуында сараптаманың мәні мен құқықтық табиғаты туралы пікір-саїстың жалғасуына Б.Д. Сперанскийдің: 1) орнықтыру сараптамасы; 2) белгілеу сараптамасы; 3) біліктілік сараптамасы [22] деп сараптаманы З санатка бөлу туралы ұсынысы септігін тигізді. Сараптаманы осындаи жіктеу негізінде іс жүргізу мәні бойынша шектеу авторды тиісінше әрбір санатының функцияларын болуге әкеп соктырды.

Сөйтіп, орнықтыру сараптамасының міндеті қылмыстың дәлелдемелерін орнықтыру болып табылды және автордың пікірінше, онда сарапшы тергеуші мен судьяның ғалым көмекшісі болды. Белгілеу сараптамасының міндеттіне іс-әрекеттін ариналуы зан белгілерін зерттеу кіру керек болды, мұндай сараптаманың корытындысы іс бойынша дәлелдеме болып табыла-

ды. Автордың ойы бойынша, біліктілік сараптамасы айыпталушының жеке және әлеуметтік сапасын зерттеуі керек. Б.Д. Сперанскийдің пікірінше, бұл санаттың сарапшысы – факт судьясы. Біздің пікірімізше, мәні бойынша бұл позиция жоғарыда баяндалған Л.Е. Владимировтың сарапшыға фактілердің ғылыми судьясы ретіндегі айтылған көзкарасының кенейтілген түсініктемесі болып табылады. Онда эволюцияда дәлелдемелер жүйесі «...сараптамада көрінетін ғылыми фазис, яғни қылмыстың заттық мән-жайлары жөнінде деректерді әдістемелік жинақтау мен экспериментті бағалау (физикалық, химиялық, механикалық, каллиграфиялық, кәсіптік, токсикологиялық және басқа да дәлелдемелер), және ең бастысы, сottалушының жеке және әлеуметтік мән-жайының анализінде (антропологиялық, психопатологиялық және өзге де дәлелдемелер) туады» деп айткан Энрико Ферридің дүниестанымымен ұқсастыкты көру киын емес [23]. Негізінде осы авторлар сот қызметін сараптамаға әкеліп телуді ұсынды, алайда бұл әділ сынға алынып, кең және негізделген колдау таппады.

М.А. Чельцов пен Н.В. Чельцова сараптаманың мәнін фактілерді түсіндіру үшін тартылған сарапшының менгерген арнаулы білімі ауқымынан «сынау ережесі» қылмыстық істің белгілі бір фактілерін корытындылау ретінде қарастырады [24]. Олардың пайымдауларын талдау оларды орыс қылмыстық процесі ғылымындағы силлогизм теориясының авторы мен жолбасшысы В.Д. Спасович көзкарасының жақтастары деп санауға негіз береді. Баяндалған позицияны сынай отырып, А.В. Дулов «сот сараптамасының мұндай теориясын кабылдау – ол танымның барлық күрделі процесін формалды логика бойынша міндеттерді шешуге – силлогизмді құруға бару деген сөз... деп әділетті түрде жазды. Сарапшы тергеу немесе сотқа «сынау ережесін» хабарлаумен шектеліп қалмау керек, ол іс бойынша жинаған дәлелдерін міндетті түрде зерттеп, маман ретінде өзінің қорытындысын беруі керек» [13].

Зерттеліп жатқан мәселені ретроспективада қарауды аяқтай отырып, осы институт туралы қазіргі құқықтық идеялар позициясынан қылмыстарды ашу мен тергеу кезінде арнаулы білімдерді пайдалану проблемасы әлі де болса пікірталас екендігін айта кетуіміз керек. Бұған көбінде, осы аталған институттың дәлелдемелік құқықпен жеткіліксіз реттеушілігі мен өзара байланыстылығы себеп болады.

Сот сараптамасының заңнамалық негіздерінің дамуы жайлы мәселе бойынша сот талқылауына хабардар адамдардың міндетті қатысуын нормативтік бекіту каноникалық процеске іздестіру басталуын енгізумен байланысты деген пікірлер айтылды. Қылмыстарды зерттеуге дәрігерлердің қатысуы жайлары айтылатын кононистер мен глоссаторлардың шығармаларындағы ережелер туралы И.Я. Фойницкий еске алады [20].

И.Ф. Крылов аныктағандай, отандық сот ісін жүргізу тарихында нақты сарапшылық қызметтерді орындау үшін «бөгде адамдарды» тарту жөніндегі алғашқы заңнамалық ескеру 1649 жылғы Соборное уложениеңін 272 және 274-баптарында көрсетілген; сол кезге дейін сараптаманы жалпы заңнамалық реттеу болған емес. Сарапшылар ұлы князьдің жарлығы немесе ол тағайындаған судьяның өкімі негізінде тағайындалған және әрекет еткен. Құжаттарды зерттеуге хабардар адамдарды тартуың отандық заңнамалық реттеудің басталу есебін автор 1699 жылғы 6 наурызыдағы патшаның «О порядке исследования подписей на крепостных актах в случае возникшего о подлинности оных спора или сомнения, о писании крепостей в поместных и вотчинных делах в постном приказе, а не на Ивановской площади, и о потребном числе свидетелей для подписания крепостных актов» деген жарлығын негізге алады ұсынады.

Ең кең ауқымда реттемеленуді сараптама I Петр әскери Артикулінде алды, алайда ол тек сот-медициналық сараптамаға ғана қатысты болды. 1832 жылғы Ресей империясының Зандар жинағында сараптама дербес дәлелдемелер катарапына енгізілді. Формалды дәлелдемелер теориясына негізделген және соңысы «жетілдірілген» және «жетілдірілмеген» болып жіктелген іздестіру процесіндегі жетілдірілген дәлелдемелер разрядына тек сот дәрігерлерінің корытындылары жатқызылған.

1864 жылғы қылмыстық сот ісін жүргізу Жарғысы қылмыстық істерді тергеу кезінде сарапшылар мен хабардар адамдарды тарту мен оларды қатыстырудың тәртібін толыктай дерлік реттемеледі; онда тікелей сараптамаға қатысты жеке баптар енгізілді. Атап айтқанда, Жарғының 325-бабында: «Істері кездесетін мән-жайларды дәл түсіну үшін арнаулы мәліметтер немесе ғылымда, өнерде, колөнерде, кәсіpte не қандай да бір істе тәжірибелік қажет болған жағдайларда хабардар адамдар шақыртылады» деп айтылған. Негізінде, олардың рөлі заттай дәлелдемелер мен мәйіттерді карау, адамдарды куәландыру,

соттың кажет еткен сұраптары бойынша консультация беру және кәсіби білім деңгейінде тәжірибелі әрекеттер жүргізу, белгілі бір сұраптар бойынша пікірлерін айту болған. Жарғының 326-бабына сәйкес: «Хабардар адамдар ретінде: дәрігерлер, фармацевтер, профессорлар, мұғалімдер, техниктер, суретшілер, колөнершілер, казынашылар мен белгілі бір қызметі немесе ерекше тәжірибе жинақтау бойынша ұзак шұғылданған адамдар шақыртылуы мүмкін».

1864 жылғы Қылмыстық сот ісін жүргізу Жарғысы негізінде колданылатын сот сараптамасын реттемелеу бойынша жалпы заңнамалық нормалар кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында да зандық күшін сактады. Бұған 1917 жылы 24 қарашада жарияланған жергілікті соттарға өздерінің шешімдері мен үкімдерінде сот ісін жүргізу саласындағы төнкеріске дейінгі колданылған зандарды басшылыққа алуға құқық беретін №1 сот туралы Декреттің 5-бабы жатады. Осында хабардар адамдарды тартудың іс жүргізу тәртібі мен олардың арнаулы білімдерін сот әділдігі мүддесінде пайдалану сакталды.

1918 жылы 21 акпанды шықкан №2 сот туралы Декрет: «Арнаулы танымдарды кажет етстін азаматтық істерді шешу кезінде, сот өзінің карауы бойынша сотка катысу құрамына консультация беру дауыс құқығымен хабардар адамдарды шақыртуы мүмкін. Тараптарға хабардар адамдарды енгізу және өз жағынан әрбір тараптар санын тен етуге келісім бойынша құқық беріледі» деп жариялады. Аталған декреттерде қылмыстық процестегі сараптама жайлы айтылмаса да, жерлікті жерде әзірленген соттардың аманаты мен Ңұскауларды дәлелдемелердің манызды қөзі ретіндегі сараптама туралы айтып жатты. РСФСР Халық юстициясы комиссариатының 1918 жылғы 23 маусымдағы «Жергілікті халық соттарының үйымы мен әрекеттері» Ңұскаулығында сот сараптамасын жүргізу тәртібін реттемелейтін ережелер болмады, алайда онда куәлармен бірге сарапшылар жайлы да айтылды. Атап айтканда, осы Ңұскаулықтың 24-бабында сот отырысында «егер сот отырысына сарапшылар шақыртылса, куәлардан басқа, олардан да жауап алынады» деп айтылған.

Бір кезеңдерде сот ісін жүргізу дегі, заңнамадағы сарапшының ролі жайлы қылмыстық іс жүргізу ғылыми өмір сүрген пікірлердің ұзак та табанды күресінде, сарапшыны ғылыми судья деп таныған ғалымдардың қозқарасы басымдыққа ие бол-

ды. Құқықтық жағынан бұл ереже 1919 жылғы 29 қантардағы РСФСР Халық денсаулық сактау комиссариатының мемлекеттік медициналық сарапшылардың құқықтары мен міндеттері туралы қаулысында: «Медициналық сараптама бойынша барлық өкімдер мен нұскауларды орынданай отырып, әрбір мемлекеттік медициналық сарапшы өзінің ғылыми-практикалық қызметі ауқымында дербес қызметкер болып табылады, заңдағы жазылған шарттар сакталған кезде оның корытындысы жеке адамдар мен әр түрлі ведомстволық мекемелер үшін міндетті қүші мен маңызы болады» деп бекітілді. Мемлекеттік медициналық сарапшының корытындысымен келіспеген кезде ол жоғарыда тұрған медициналық мекемеге ғана, яғни сарапшының бағыныштылығы ретімен шағымдануға жатқызылды. Сонымен катар, сараптаманы жүргізу кезінде медициналық сарапшы тергеушінің жағдайында болды, ал соңғысы сарапшының жүргізетін іс жүргізу іс-әректтеріне катысқан жок. 1921 жылғы 24 казандығы Сот-медициналық сарапшылар туралы Ереженің 6-бабында сарапшының мәртебесі анық белгіленген: «Фактілердің ғылыми судьясы бола отырып, сот-медициналық сарапшы өзінің дербестігін және де сот процесінің барлық сатыла-рындағы бастамасын толық қамтамасыз ететін және оның қызметінің, корытындылары мен тұжырымдарының тәуелсіздігіне түгелдей кепілдік беретін жағдайларда болуы керек». Осы Ережеге сәйкес сарапшыда бұрынғы құқықтары сакталып, тіпті оған сот жарыссөзін бақылауға мүмкіндік берілді.

Арнаулы білімдерді кылмыстық сот ісін жүргізуде заннамалық реттемелеуді колданудың кезекті маңызды кезені 1922 жылы 25 мамырдағы РСФСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінің кабылдануы болды. Осы Кодекстің 63-бабында «істі тергеуде немесе карауда гылымдағы, өнердегі не қолөнердегі арнаулы танымдар қажет болған жағдайларда сарапшылар шақыртылады» деп айтылған. Сонымен катар, мына жағдайларда: а) өлім себептерін және дене жаракаттарын анықтау қажет болғанда; б) сот немесе тергеушіде айыпталушы немесе куәнін психикалық қүйі жайлы құдігі туған кезде сараптаманы міндетті жүргізу ережесі енгізілді. 1922 жылғы КІЖК-нің 172–177-баптары сарапшыдан жауап алу тәртібін реттемеледі. Біздін ойымызша, онда ғылыми судья ретінде сарапшы жағдайының кате түсініктемесін ай-факттайтын екі принципті ереже баяндалған: 1) сарапшының корытындысы өзі сол үшін шақыртылған тек сол арнаулы

білімдерге негізделуі керек (173-бап); 2) сараптаманы жеткілікті анық немесе толық емес деп таныған жағдайда, тергеуші өзінің бастамасы бойынша немесе айыпталушиның талап-тілегі бойынша ол үшін басқа да сарапшыларды шакыра отырып, жаңа сараптаманы жүргізуді тағайындауға құқылы (177-бап). Осыған ұксас құқықты Кодекс қылмыстық істі қарайтын сотты да таныды (304-бап). 1923 жылы 15 ақпанда 1961 жылға дейін өз күшінде болған, РСФСР жаңа ҚІЖК қабылданды. Оған бірнеше толықтырулар енгізілді, олардың ішіндегі ең маңыздысы, егер сарапшыға ұсынылған материалдар корытынды беру үшін жеткіліксіз болып табылса, оған сараптама жүргізуден бас тарту құқығын беретін нормаларды жатқызуға болады. Тағы да бір слесулі толықтырудың бірі бастапқы сараптаманың анық немесе толық еместігі жағдайында, жаңа сараптама тағайындаудың тәртібі қөзделді. Сот үшін сарапшының корытындысының және үкімде түсіндірудің қажетсіздігі немесе сарапшының тұжырымдарымен соттың келіспеуінің ерекше аныктамасының міндетті еместігі жөніндегі ереже принципті новелла болып табылды.

Қазақстан Республикасы заңнамасында қылмыстық процесстегі арнаулы білімдерді пайдалануды реттемелеудің іргетасы 1958 жылғы 25 желтоқсандағы КСРО мен одақтық республикалардың қылмыстық сот ісін жүргізу Негізінен салынған. 1959 жылы 22 шілдеде осы құжаттың базасында қабылданған Қазақ ССР Қылмыстық іс жүргізу кодексі қылмыстық іс бойынша сарапшының корытындысын дәлелдеме ретінде белгілеген. Онда сараптаманы жүргізу негізdemесі берілген; зан шығарушы сараптаманы міндетті тағайындау жағдайын да белгіледі. Сарапшы құзыретінің шегі туралы аспекті де жалпы реттемелеуден өтті. Қазақ ССР ҚІЖК сарапшылардың құқық шенберін кеңейтіп, міндеттерін белгіледі, алғашқы рет сарапшылық мекемедегі сараптаманының іс жүргізу тәртібі мен шарттарын реттемеледі. Маңызды жанашылдықтың бірі негіzsіздік және сарапшылар комиссиясы тапсыратын себептер бойынша тергеу органдары немесе соттың сарапшы корытындысымен келіспеуі кезінде кайталама сараптама туралы Занға енгізілген ереже болып табылды.

Маманның қылмыстық процеске қатысуының құқықтық табиғаты мен оның қылмыстарды тергеудегі рөлі туралы ұғымды калыптастыру арнаулы білімдерді – сараптаманы пайдаланудың негізгі нысанына қозқарастар эволюциясымен тығыз байланыс-

ты. Осы проблеманың өзектілігіне орай Қазақ ССР Жоғарғы Кенесі Президиумының 1967 жылғы 13 мамырдағы Жарлығымен Қазақ ССР ҚІЖК-нде жаңа іс жүргізуші адам – маман снгізілді. Занда «Маманның қатысуы» 57-1-бабының пайда болуы көптеген сұраптарды шешті, атап айтқанда, сараптамаларды тағайындауды реттеді, маман мен сарапшының іс жүргізу мәртебесін және олардың істегі іс жүргізуге қатысу нәтижелерінің дәлелдемелік маңызын шектеді. Сонымен бірге, бұл шешім Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексін қабылдау алдындағы шешуді кажет ететін арнаулы білімді қылмыстық өндірісте пайдаланудың жаңа үйымдастыруышылық-құқықтық проблемаларын да туғызды.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы ҚІЖК-ні қабылдағанға дейін қылмыстық сот ісін жүргізуде арнаулы білімдерді пайдалану практикасын талдай отырып, қолдағы бар құқықтық базасы арнаулы білім институтының қазіргі жай-күйінін ерекшелігіне толық көлемде сай емес және оның әрі қарай дамуының негіздері ретінде жеткілікті түрде болмады деп тұжырымдауға болады.

Бұрын қолданыста болған қылмыстық іс жүргізу заннамасының кемшіліктерін жалпы нысанда сипаттай отырып, онда қылмыстық сот ісін жүргізудің негізін салған демократиялық принциптердің толық, жүйелі көрінісі таблица қоймады, атап айтқанда, процестің жарысымпаздық принципі; алдын ала тергеудің танымдық негіздері және тергеу барысындағы ғылыми әдістер мен техникалық құралдар толығымен жеткілікті реттеле меген; арнаулы білімдерді пайдаланудың нысандары мен рәсімдерінің анық реттелімі болмады.

Аталған кемшіліктер Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексін дайындау кезінде ескерілді.

3. Қазақстан Республикасының қылмыстық сот ісін жүргізудегі арнаулы білім институты – жалпы сипаттамасы

Бұрынғы қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу занына практика мен ғылыми әзірлемелер талаптарын ескере отырып сынни талдау оның Қазақстан Республикасының ҚІЖК-дегі кемшіліктерін жоюға мүмкіндік берді.

Колданыстағы қылмыстық іс жүргізу занындағы арнаулы білім институтын сипаттай отырып, ең алдымен оның үш ерекшелігін атау керек: